

Кайнар Е.Е.

**Қазақстан Республикасының
Бас бостандығынан айыру
мекемелеріндегі ұйымдасқан
қылмыстық топтардың ықпалы
мен қылмыстарының түрлері**

Осы мақалада автор Түзеу мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың пайда болу себептері мен олардың Қылмыстық-атқару жүйесіне тигізетін ықпалының дәрежесін көрсетуге бағыттаған. Осыған байланысты автор өзінің 2014 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы және Қызылорда қаласында орналасқан Түзеу мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері болған сотталғандармен жүргізілген арнайы жұмыстардың нәтижелері бойынша Еліміздің Түзеу мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстық ортаның еліктейтін жазылмаған заңдарын, салт-дәстүрлерін, олармен жасалатын қылмыстың түрлерін қарастырады. Сонымен қатар Түзеу мекемесіндегі ұйымдасқан қылмыстық ортаның басқа сотталғандарға теріс ықпалымен, зиянын тигізбеуінің алдын алу бойынша бірқатар ұсыныстар жасалған.

Түйін сөздер: түзеу мекемелері, сотталғандар, теріс бағыттағы сотталғандар, қылмыстық орта, қылмыстық ортаның салт-дәстүрлері, ұйымдасқан қылмыстық топ.

Kainar E.E.

**Influence and types of crimes
committed by organized crime
in prison the Republic of
Kazakhstan**

In this article the author tries to uncover the manifestation of organized crime in prison and the level of their negative impact in the prison system. In this regard, the author examines the unwritten laws of convicted criminal subculture, and the types of crimes committed by organized criminal groups referring to materials conducted by the author in 2014 with the prisoners who are members of an organized criminal group in the prisons of the South Kazakhstan and Kyzylorda region. In particular, on the basis of this work the author considers the level of influence of organized crime environment for other prisoners and proposes measures to stop them.

Key words: correctional institution, convicted, convicted negative orientation, criminal environment, traditions of the criminal environment, organized criminal group.

Кайнар Е.Е.

**Влияние и виды преступлений,
совершаемых организованной
преступной группой в местах
лишения свободы
Республики Казахстан**

В данной статье автор пытается раскрыть проявление организованной преступности в местах лишения свободы и уровень их негативного влияния в пенитенциарную систему. В связи с этим автор рассматривает неписанные законы осужденных, криминальную субкультуру и виды преступлений, совершаемых организованными преступными группами, ссылаясь на материалы проведенных автором исследований в 2014 году с осужденными, которые являются членами организованной преступной группы в исправительных учреждениях Южно-Казахстанской и Кызылординской области. В том числе, на основе проделанных работ автором рассматривается уровень влияния организованной преступной среды для других осужденных и предлагает меры по их пресечению.

Ключевые слова: исправительное учреждение, осужденные, осужденные отрицательной направленности, криминальная среда, традиций криминальной среды, организованная преступная группа.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС БОСТАНДЫҒЫНАН
АЙЫРУ
МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ
ҰЙЫМДАСҚАН
ҚЫЛМЫСТЫҚ
ТОПТАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ
МЕН
ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ
ТҮРЛЕРІ**

Әлемнің барлық дамыған мемлекеттерінде қылмыс жасаған адамдарды ұстау мен қайта тәрбиелеу мекемелері бар және осы мемлекеттердің барлығын бір ғана мәселемен ұқсатуға болады. Бұл Түзеу мекемесіндегі тепе-теңдік пен жаза өтеу тәртібіне кедергі жасайтын ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері мен олардың басшылары болып табылады. Еліміздің Конституциясына сәйкес адам өмірі мен құқығы бірінші орында тұрады [1]. Ұйымдасқан қылмыстылық мемлекет саясаты мен экономикасына және оның қоғамына күрделі қауіп төндіреді. Қазіргі таңда осы мәселеге сәйкес көптеген мемлекеттердің басшылары тиімді шешім іздеуде. Пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылық бұл қоғам мен саясатта кездесетін ұйымдасқан қылмыстық топтар көп және олар қоғамның ішінде көптеген қылмыстық істердің түрлерімен айналысады. Бірақ олардың барлығы қылмыстық ортаның салт-дәстүріне сүйене бермейді. Ал Түзеу мекемесіндегі ұйымдасқан қылмыстылық, бұл қылмыстық әлемнің қағидаларын ұстанатын арнайы тұлғалардан құрылған ұйымдасқан қылмыстық топтар мен ұйымдар болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Түзеу мекемелерінде (Воровские понятие) «заңдағы ұрылардың» түсінігіне еліктейтін ұйымдасқан қылмыстық топтар мен оның басшылары бар. Олар мемлекеттің қоғамына және экономикасына үлкен зардабын әкелуде. Осы күрделі мәселені Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан Республикасындағы Қылмыстық-атқару саясатын жетілдірудің 2007–2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» жарлығында үлкен назар аударған [2]. Осы тұжырымдамасында Түзеу мекемесіндегі қылмыстық ортаның салт-дәстүрлері және белгілерімен күресу жолдарын жетілдіру тапсырмасын құзырлы органдарға берген болатын. Түзеу мекемелерінде қылмыстық ортаның салт-дәстүрлері бар екендігін баршамыз білеміз, бірақ ол дәстүрдің қандай зиян түрлерін келтіріп отырғанын қоғамның көпшілігі білмейді.

Әрбір мемлекеттің Түзеу мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстылықтың көптеген белгілері кездеседі. Түзеу мекемесінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың пайда болу себептерінің бірі болып, бұл қылмыстық ортаның салт-дәстүрлері және

заңдағы ұрылардың жазылмаған заңдары мен өздерінің темір торға қамалып, жақсы өмірге деген сенімі төмендеуі болып табылады. Түзету мекемесіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтың мүшелері мен оның басшылары, түзеу мекемеден тыс жүрген басқа да ұйымдасқан қылмыстық топтармен және ұйымдасқан қылмыстық ұйымдармен тығыз байланыста болып келеді. Олар мемлекеттің заңдарымен тәртіптеріне мойынсұнбай, өздерінің қылмыстық әлемнің жазылмаған заңдарына сүйеніп өмір сүруде. Осындай әрекеттердің нәтижесінде мемлекеттердің қылмыстық-атқару жүйесінің тәртіптеріне күрделі зардап әкелуде. Көптеген дамыған мемлекеттерде ұйымдасқан қылмыстылықтың даму салдарынан Түзеу мекемесіндегі сотталғандарды қайта тәрбиелеудің орнына, оларды түзеу мекемесінде ұстап отырудан басқа әрекеттер өздерінің пайдасын бермеуде.

Қылмыстық әлемнің ең көп тараған салт-дәстүрлерінің бірі болып, бұл Заңдағы ұрылардың (Воровской закон) жазылмаған заңы болып табылады. Бұл қылмыстық ортаның салт-дәстүрлеріне бұрынғы Кеңес одағына кірген барлық мемлекеттердің қылмыстық орталары ұстанады және бұл салт-дәстүрлері басқа да мемлекеттерге өзінің ықпалын тигізіп келген. Қазіргі таңға дейін осы салт-дәстүрінің көрінісі өзінің ықпалын тигізіп келеді.

Пенитенциарлық жүйесінің Түзеу мекемелеріндегі ұйымдасқан қылмыстылықтың ұстанатын қылмыстық субмәдениеті – бұл жаза өтеу барысында қылмыстық топтарға қосылып жазылмаған заңдармен өмір сүру және қылмыстық ортаның заңдарын бұлжытпай орындау болып табылады. Қылмыстық ортаның салт-дәстүрлеріне сүйенсек, қылмыстық ортаға кірген сотталған азаматтар белгілі бір уақытта психологиялық тұрғыда өзгерістерге ұшырайды. Яғни қылмыстық ортаның құрамына кірген сотталған азаматтар өздерінің қабілеттерін көрсету қажет, кейде бұл басқа адамдарға қатыгездікпен жасалатын әрекет қабілеттері болып келеді. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың құрамына кірген әрбір сотталған азаматтар, қылмыстық ортаның заңдары мен тәртіптерін бұлжытпай орындау қажет. Қылмыстық ортаның заңдары мен тәртіптеріне қарсылық білдіргендерге қатысты күрделі, кейде аса қатыгездікпен жазаланады [3, 14 б].

Е.С. Качурованың еңбегіне сүйенсек қылмыстық ортаға қатысты теріс әрекеттер жасаған сотталған азаматтарға қатысты зорлық қылмыстармен жазаланады, яғни ұрып-соғу, картадан ұтылып қарызын қайтармағаны үшін қол-аяғын

сындыру, әкімшілік қызметкерлердің хабаршысы болғаны үшін өлтіру және т.б. ауыр жазалар қолданады екен [4, 8 б.]. Түзеу мекемесінде сотталғандарға, қылмыстық ортаның беделді адамының сөзі заң болып келеді. Сондықтан жаңадан келген сотталғандар өздерінің бостандықтан айырылған жағдайы емес, ал түзеу мекемесіндегі қауіпсіз өмір сүру жағдайы мазалайды.

Түзеу мекемесіне келіп түсетін әрбір сотталған азаматтар, өздерінің Тергеу абақтысында отырған кездерінде жаза өтейтін мекемесі жайлы ақпараттар жинап дайындалып отырады. Оларды мазалайтын сұрақтары – бұл түзеу мекемесі қай тараптардың ықпалында және қайсы тарапқа бағынған дұрыс деген сұрағы болып келеді. Тараптар деп бұл бірінші болып Еліміздің заңымен басқаратын Түзеу мекемесінің әкімшілігі және екінші тарап бұл қылмыстық ортаның қағидаларымен өмір сүретін ұйымдасқан қылмыстық топтардың сотталған азаматтары болып табылады.

Заңдағы ұрылардың қағидаларына сүйенетін болсақ, қазіргі таңда заңдағы ұрылардың түсінігі екіге бөлініп кеткен. Бірінші бұл ескі түсінік – бұл түсінік бойынша қылмыстық ортаға пайда алып келетін болса да, қылмыстық орта саясатқа араласпау қажет және құқық қорғау органдарымен қарым-қатынасқа түспеу керек. Екінші бұл қазіргі заманға сай өзгерген түсінік – бұл түсініктер бойынша қылмыстық орта өздерінің пайдасы үшін барлық әрекетті тиімді санап, саясатқа араласып және өздерінің құқық қорғау органдарымен қарым-қатынасын үзбейді.

Осы кезге дейін қылмыстық ортаның ескі түсінігінің көрінісі түзеу мекемелерінде сақталып келген болатын. Алайда қазіргі таңда түзеу мекемесінде ескі немесе жаңа түсінік деп ажырату қиын болып келеді. 2014 жылы шілде айының 15 – 25 жұлдыздары аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Түзеу мекемелерінде өздерінің бұрынғы өмірінде қылмыстық ортаның басшылары мен мүшелері болған сотталған азаматтардан сұхбат алу барысында олар түзеу мекемелерінде ескі және қазіргі заманға сай өзгерген түсініктің бар екендігін айтып өтті [5]. Сұхбат алынған сотталғандардың барлығы бұрынғы өмірінде қылмыстық ортаның салт-дәстүрлері бойынша өмір сүріп, ұйымдасқан қылмыстық ортаның басшылары мен мүшелері болған. Алайда олар өз қателіктерін кеш болса да түсініп, дұрыс жолға түсіп жазаларын өтеуде.

Осы аталған сотталғандар мен Түзеу мекемесі әкімшілігінің қызметкерлерінен алынған ақпа-

раттары бойынша осы қазіргі замандағы заңдағы ұрылардың жазылмағын заңдары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесіне күрделі зардабын тигізуде. Қазіргі таңда қылмыстық ортаның түсінігі бойынша қылмыстық орта саясатпен, құзырлы органдармен қарым-қатынас жасайтындықтан, түзеу мекемесіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың мекеме әкімшілігінің қызметкерлерімен қарым-қатынастар жасайды. Түзеу мекемесінің қызметкерлері өздерінің қызмет атқару кезінде пайда табу үшін өздерінің қызметін теріс пайдалану арқылы көптеген қылмыстық әрекеттерге барады, ал кей кезде олардың сондай әрекеттерге қорқытып алушылық әрекеттері арқылы баратындығы бар.

Қазіргі таңда Түзеу мекемесіне ұйымдасқан қылмыстықтың тигізетін зияны, бостандықта жүрген ұйымдасқан қылмыстық топтармен келтірілетін зиянынан аз емес. Әлемдегі техниканың тез дамуына байланысты, құзырлы органдардың оларға қатысты күресу жолдарын ойлап табуда қалып барады. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың түзеу мекемесінде отырып көптеген техниканы қолданып қылмыстық әрекеттер жасау үстінде және түзеу мекемесінде отырып жасағандықтан қылмыстары үшін жауаптылықтан құтылып жатыр. Әрине Түзеу мекемелерінде қандай техникалық құралдар бар, оларға байланыс немесе оған ұқсас құралдарға тыйым салынған емес пе деген ойлар туындайды. Әрине сотталғандарға бостандықпен байланыс және басқа да көптеген құралдарға тыйым салынады, бірақ бұл шектеулер сотталғандарды тоқтатпайды. Көптеген Түзеу мекемелерінде күн сайын тыйым салынған заттар тәркіленуде. Сотталғандар мекеме әкімшілігінің рұқсаты бойынша, туыскандарымен таксафон арқылы хабарласып отырады. Бірақ сотталғандар таксафон арқылы емес, қазіргі заманға сай ұялы телефондар арқылы көптеген қылмыстар жасап, жауаптылықтан құтылып кетеді. С.Б. Лариннің айтуы бойынша Түзеу мекемесінің ішінен жасалған қылмыстарды ашу өте қиын болып табылады. Себебі қылмысты ашудың бірден бір қайнар көзі болып, қылмыстың ізін суытпай және қылмыс жасалған жерді қараумен басталады [6, 78 б.].

Сотталғандар өздерінің қылмыс жасап, ол үшін жауаптылыққа тартылмайтынын біле отыра осы қылмыстың көп түрлерін дамытып келеді. Осы жазасыз қылмыстың түрімен пайдасын көріп отырған көптеген сотталғандар, өздерінің өмірінде көптеген қателіктерге салынып дұрыс жолдан шығып кетеді. Олардың қылмыстарының түрлері, көптеген қоғамға танымал

ұялы телефон арқылы, халықты үлкен техника ұтып алдыңыз деп алдап жасалатын алаяқтық қылмыстардың бір түрі болып табылады. Осы әрекеттерімен сотталғандар тоқтап қалып жатқан жоқ. Түзеу мекемесіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтар, өздерінің бостандықта жүрген ұйымдасқан қылмыстық топтармен байланысқа шығып, дәулетті отбасыларды ұялы телефон арқылы туыстарына қауіп-қатер туындап тұр деген танымал қылмыстың түрімен айналысып отырады. Осы қылмыстардың Түзеу мекемесінің қабырғасында жасалынып жатқандықтан, Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қылмыстың ізі бойынша ашуына өте қиын болып табылады.

Түзеу мекемесінде отырған ұйымдасқан қылмыстық топтардың тек қана байланыс құралдарын қолданып, алаяқтық қылмыстарды жасаумен шектелмейді, олардың түзеу мекемесінде кең тараған қылмыстардың түрлері көп. Біріншіден Түзеу мекемесінде ұйымдасқан қылмыстық топтың басшысы бар және оны табу қиындық тудырмайды. Себебі Батыс мемлекеттердің Түзеу мекемесіне қарағанда, біздің Қазақстан Республикасы және бұрынғы Кеңес одағына кірген мемлекеттердің Түзеу мекемесінде (Заңдағы ұрылардың) салт-дәстүріне сүйеніп өмір сүреді. Сондықтан осы мемлекеттердің түзеу мекемелерінде бір ғана сотталған азамат түрме қараушысы (смотрящий за зоной) болады. Түрме қараушысы мекемедегі сотталғандардың барлығын басқарып, сотталғандарға жазылмағын заңдарды насихаттап, оны қолдауға үгіттейді.

Түрме қараушысының орынбасарлары бар және оның ең бірінші орынбасары бұл өзінің жатқан (централ – большой дом) орталық жатаханасы немесе камерасына қараушы ретінде тағайындаған сотталған азамат. Екінші болып ортаққа (смотрящий за общим) қараушы. Үшінші болып түзеу мекемесінде сотталғандарды басқару үшін Түзеу мекемесінің әрбір жасағына жасаққа қараушы (смотрящий за баракком или за отрядом), тыйым салынған заттарды кіргізуге қараушы (смотрящий за мойком), қатаң тәртіптегі және айыптау оқшаулау орнына қараушы (смотрящий за кичей), қол өнерін жасаушылардың қараушысы (смотрящий за кустаркой), керек-жараққа қараушы (смотрящий за нуждой) сияқты көптеген көмекшілері бар және олар тікелей түрме қараушысына бағынып, есеп беріп отырады. Осы адамдардың барлығы түзеу мекемесінде ұйымдасқан қылмыстық топ құрып, түрлі қылмыстық әрекеттерін жүзеге асырады. М.Х. Абисатовтың пікірі бойынша Түзеу меке-

месіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтар өздерінің қатыгездіктерімен ерекшеленеді және Түзеу мекемесіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың, бостандықта жүрген ұйымдасқан қылмыстық топтармен тығыз байланысты болып келеді. Олар Түзеу мекемелері орналасқан аумағындағы ірі кәсіпкерліктерге де зиянын тигізіп келеді [7, 141 б.]. Мысалы Ақтау, Атырау, Ақтөбе облыстарындағы мұнай және Каспий мұхитынан заңсыз айналымдағы асыл тұқымды балықтардың пайдасын көріп отырады.

Жоғарыда айтылған түрме қараушысының орынбасарларының барлығы сотталғандардан ортаққа (общак) қаражаттар жинап, сотталғандардан заңдағы ұрылардың қағидасын ұстануды талап етеді. Түзеу мекемесіне жаңадан келген әрбір сотталған азаматтар, карантин бөліміне түскеннен бастап ең маңызды шешім шығару керек, яғни түзеу мекемесінде заңдағы ұрылардың қағидасын ұстану немесе заңға бағынып өз жазасын өтеу болып табылады. Әрине түзеу мекемесінің басшылары, тәрбие бөлімі, жедел бөлімі, тәртіп және психологтармен көптеген тәрбие жұмыстары өтеді. Бірақ әкімшілік қызметкерлерінің күрделі жұмыстары өзін ақтай бермейді. Себебі әкімшілік қызметкерлерінің ақылдарымен бағыттарын тыңдаған сотталғандар өздеріне қандай шешім шығарса да, оларды түзеу мекемесінде қызыл (красный) деп бөлектейді. Сондықтан сотталғандар әкімшілік қызметтерімен сөйлесуден қашуға тырысып, өздері шешім шығаруға тырысады. Көбінесе дұрыс шешімді жаңадан келген сотталғандардың ішінен жасы келген сотталғандар таңдайды, ал жас сотталған азаматтар өз өмірлерінің қадірін түсінбей, заңдағы ұрылардың қағидасымен өмір сүретін сотталғандардың үгіт насихаттарына сеніп қате жолдарын таңдайды.

Қате жолды таңдаған сотталғандарды жасаққа бөлген кезден бастап, жазылмаған заңмен өмір сүріп жатқан сотталғандар оларға темекі, шай және басқа да керекті жарақтармен қамтып, оларға заңдағы ұрылардың қағидасымен қызықты өмірлері жайлы оқиғалар айтып, үгіт-насихаттар жүргізіп, өздерінің талаптарын орындатуға дайындауды бастайды. Өздерінің талаптарына керек кезде әкімшілік қызметкерлеріне қарсы шығуға, бостандықтан тыйым салынған ақша, спирттік ішімдіктер, ұялы телефондармен есірткі заттарды алдыруға және заңдағы ұрылардың қағидасына қиянат жасаған сотталғандарды ұрып-соғып, кей кезде оларды өлтіруге дейін талап етеді. Түзеу мекемесінде ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері жаңадан келген

сотталғандарды басында үлкен талаптармен мазаламайды, олар сотталғандардан бірінші арзымайтын талап қойып, сол үшін үлкен марапат ретінде заттай сыйақылар беріп отырады. Олардың заттай сыйақыларына темекі, шай, жасырын түрде кіргізілген ұялы телефон, есірткі және т.б. заттар кіреді. Сосын әрі қарай олардың талабы өсе бастайды, ал сотталғандар артқа шегіну мүмкіншілігінен айырылады. Олардың артқа шегіне алмау себептері ол алдыңғы талаптарын орындап, Заңдағы ұрылардың түсінігі бойынша сол үшін күрделі сыйақыларды алып жүргенімен қысым жасалады. Әрине осындай жолдың қателігін жастар алдын ала біле алмай қалады, себебі олар түзеу мекемесіне келіп әкімшілік қызметкерлерін қасақана тыңдамаған.

Түзеу мекемесі қылмыстық ортаның мектебі деп бекерге айтылмағанын калонияда қылмыстың шеберлері өздерінің тәжірибесін басқада сотталғандарға үйретіп, қате жолға салып жатқанымен айтуға болады. Түзеу калониясында қылмыстық ортаның түсінігі бойынша басқарып отырған ұйымдасқан қылмыстық топтар, калонияда күнделікті қиындықтар тудырып отырады. Заң бойынша Түзеу мекемесінде сотталғандардың ұлтына және әлеуметтік жағдайына қарамастан бірдей құқыққа ие болып келеді. Бірақ көптеген мемлекеттердің Түзеу калонияларында қылмыстық ортаның түсінігі бойынша бөлініп тасталған сотталғандарды бөлек ұстауға мәжбүр болып отыр. Әрине бұл әрекеттер сотталғандардың қауіпсіздігі үшін жасалынып отырған әрекет болып табылады, бірақ Түзеу мекемесінің осылай жасалынып жатқан әрекеттері қылмыстық ортаның түзеу мекемесінде ықпалы бар екендігінің бірден-бір белгісі болып табылады.

Түзеу мекемесінде қылмыстық ортаның беделді адамдары да бар және оларды түзеу мекемесіндегі сотталғандар мен түрменің қараушысы да құрметтейді. Себебі қылмыстық ортаның беделді адамдарын (положенцы) заңдағы ұрылардың өзі бедел берген деп саналады. Қылмыстық ортаның беделді адамдары мен түрме қараушысы тығыз қарым-қатынас жасап, одан ақыл-кестер сұрап отырады [8, 60 б.].

Түрме қараушысының әртүрлі бағыттағы көмекшілері бар (смотрящие за баракком, шизо и т.д) Түзеу калониясындағы сотталғандарды басқарып, ұйымдасқан қылмыстық ортаның өз мақсаттарына жетуін қамтамасыз етеді.

Түзеу мекемесінде ұйымдасқан қылмыстық ортаның жұмысының көбін ер кісілер мен жұмысшы ер кісілер (музык) жүзеге асырады.

Қылмыстық ортаның түсінігі бойынша ер кісілер қылмыстық ортаның түсінігін насихаттап, басқа сотталғандардан соны талап етеді және ұйымдасқан қылмыстық топтарға сотталған азаматтарды тартып отырады. Ал жұмысшы ер кісілер (мужики роботяги) түзеу мекемесінің өндіріс аймағында жұмыс жасап, тапқан табысының белгілі бір бөлігін қылмыстық ортаға (общак) беріп отыратын сотталған азаматтар.

Жас балалар (пацаны) бұл, Түзеу мекемесіндегі ұйымдасқан қылмыстық топтардың ең күрделі құралы десек болады. Себебі жас балалар Түзеу мекемесінде өмірлерінің қадірін түсінбейді және ұйымдасқан қылмыстық топтардың кез келген бұйрығын мақтана отырып орындайды. Түзеу мекемесіндегі ауыр және аса ауыр қылмыстардың көбісі осы жас балалармен жасалынады. Көптеген мемлекеттердің Түзеу мекемелерінде жас балалар (пацаны) қарақшылық, тонау және адам өлтіру деген қылмыстармен сотталып келеді.

Түзеу мекемесінде қазіргі таңда бұрынғы Құқық қорғау органдарының қызметкерлері (красные) болып қызмет еткен сотталғандар көп. Олардың өмірі төмендетілгендер мен ренжігендерден бір шама жоғары болғандығымен, оларға деген сотталғандардың көз қарасы жақсы емес. Себебі қылмыстық ортаның әрбір мүшесінің ең бірінші жауы болып, бұл пагондағы қызметкерлер болып келеді. Сондықтан қазіргі таңда бұрынғы Құқық қорғау қызметкерлеріне, басқа сотталғандардың тиспеуінің өзі жақсы жағдайға жатқызуға болады.

Әкімшілік қызметкерлерінің көмекшілері (красные) көптеген мемлекеттерде осындай сотталған азаматтар бар. Бұл азаматтардың 90 пайызы Түзеу мекемесіне келген кезінде басқа жолда болған тұлғалар. Ал 10 пайызы түзеу мекемесіне келген кезден бастап әкімшілік қызметкерлер тарабына көшкен. Олардың барлығы қылмыстық ортаның талабын орындаудағы кемшіліктері мен басқада жағдайларға байланысты әкімшілік тарабына көшкен. Бұл сотталғандардың ішінен өздерінің бұрынғы өміріне қарап әртүрлі сатыда орналасқан сотталғандар бар. Олардың ішінде түрме қараушысының көмекшілері мен түрме қараушысы болған сотталғандарда кездесіп отырады.

Төмендетілгендер мен ренжігендер (опущенные и обиженные) бұл Түзеу мекемесіндегі ең төменгі сатыда тұрған сотталған азаматтар болып табылады. Олардың ішінде көптеген бұрынғы өмірінде қылмыстық ортада беделді адам болған сотталғандар да бар. Төмендетілгендер

(опущенные) бұл Түзеу мекемесінде ұйымдасқан қылмыстық ортаға қиянат жасап және кешірілмейтін қателіктері үшін төмендетілген тұлғалар болып табылады. Ренжігендер (обиженные) бұл қылмыстық ортаға кешірілмейтін әрекеттері үшін қинап жыныстық қатынасқа түсіру арқылы және өзінің өмірінде бір жыныстық қатынасқа түсетін адамдардан тұратын ең төменгі сатыдағы сотталғандарды айтамыз.

Қылмыстық ортаның заңы бойынша осы көрсетілген сатыдағы сотталғандардың ішінен, әкімшілік қызметкерлерінің көмекшілері (красные) және төмендетілгендер мен ренжігендерден (опущенные и обиженные) басқалары, өз сатыларының ішінде жоғарлау мүмкіндігіне ие.

Ал төменгі сатыдағы сотталғандар бостандыққа шыққан жағдайда да, қылмыстық ортаның заңы бойынша төменгі сатыдағы сотталғандар болып табылады. Олардың бостандықтағы қылмыстық ортаның мүшелері мен Түзеу мекемесіндегі ұйымдасқан қылмыстық ортаның сұрауы бойынша өздерінің төменгі сатыдағы сотталған екенін айтуы міндетті болып табылады. Айтпай жасырып қалған жағдайда Түзеу мекемесінің ұйымдасқан қылмыстық ортаның мүшелері оларды қатыгездікпен жазалайды, кейде өлтіріп тастайтын жағдайлар да болған [9, 13 б.].

Осы жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу үшін Еліміздің Қылмыстық-атқару жүйесі көптеген профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Бірақ осы ұйымдасқан қылмыстық топтармен, қылмыстық ортаның салт-дәстүрлері өзінің зиянын осы күнге дейін тигізіп келуде. Елбасы өзінің «Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару саясатын жетілдірудің 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» жарлығында Түзеу мекемелердегі қылмыстық ортаның салт-дәстүрлерінің белгілерімен күресуге аса үлкен назар аударған. Сондықтан бізбен 2014 жылы Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облысының Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты Түзеу мекемелерінің басшыларымен тәжірибе алмасудың нәтижесінде ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалатын қылмыстар мен қылмыстық ортаның салт-дәстүрлерінен келіп түсетін зияндардың алдын алу үшін келесі ұсыныстар жасауға болады.

Біріншіден Түзеу мекемелерінде ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалатын қылмыстарды азайту үшін, қылмыс жасаған сотталған азаматтарды қылмыстың ізін суытпай әшкерелеп жазалау қажет. Сотталған азамат өзінің жасаған әрекеттері үшін жазаланатынын сезетін болса, қылмыстар бір шама төмендейді. Сотталғандар

дың айтуы бойынша, ешкімнің басы екеу емес және сотталған өзінің әрекеті үшін қылмыстық жазаға тартылуы мүмкін екенін сезетін болса ол қылмыс жасаудан бұрын ойланатыны анық дейді. Ал тіркелген қылмыстарды ашу үшін Қылмыстық-атқару жүйесінің жергізілікті Ішкі істер органдарымен қылмысты тез арада әшкерелеу үшін қарым-қатынастарын жетілдіру қажет. Себебі қылмыстың жасалу дерегі бойынша, жергілікті органдардың қылмыстық ізін суытпай ашу бойынша Түзеу мекемелеріне кіру бойынша қиындықтарға тап болады. 2011 жылы Қылмыстық-атқару жүйесі Әділет министрлігінен Ішкі істер министрлігіне берілгенімен, осы мәселе өзінің шешімін толық тапқан жоқ.

Екіншіден Қылмыстық-атқару жүйесіне, өзінің теріс ықпалын тигізіп келетін қылмыстық органның салт-дәстүрі болып келеді. Түзеу мекемесінің бірінші міндеті болып ол сотталған азаматтарды қайта тәрбиелеп, қоғам қатарына қосу болып табылады. Түзеу мекемесінде жазасын өтеп шыққан сотталғандардың көбісі қоғам қатарына қайта бейімделуі қиын болып келеді. Бұған бірден бір себеп болып сотталған азаматтың жазасын өтеу барысында қылмыстық ортаның салт-дәстүрлерінің ықпалынан дұрыс жолға толық түспей қалуы болып келеді. Сондықтан Түзеу мекемесіне қылмыстық ортаның түсінігі-

мен күресу үшін профилактикалық әдіс ретінде, Түзеу мекемесінде бұрын ұйымдасқан қылмыстық топтардың мүшесі ретінде болған және қазіргі кезде дұрыс жолға түскен сотталғандар көп. Яғни осы сотталғандар қатарынан арнайы жасақ жасау қажет және сол жасаққа жаңадан келген сотталғандарды карантин бөлімінен кейін 2 ай мерзімге бөліп отыру қажет. Бұл әрекет жаңадан келген сотталғандардың Түзеу мекемесі әкімшілігінің ақыл кеңестерін қылмыстық ортаның түсінігіне сәйкес тыңдамайтын сотталғандар үшін оң нәтижесін беруі мүмкін. Жаңадан келген сотталғандар 2 ай мерзімде бір жатақанада жатқан кезде, бұрын теріс бағытта болған сотталған азаматтардың өмірлерінде қандай қателіктер жасағанын және олардың жаңадан келген сотталғандарға дұрыс жол таңдау керек деген кеңестері маңызды болып келеді.

Жоғарыда ұсынып отырған профилактикалық әдісті, Түзеу мекемесінің қызметкерлері мен сотталғандарына ұсынған кездерімізде, бұл әдістің қылмыстық-атқару жүйесіне тиімді және оң нәтиже беретінін айтып өтті. Осыған байланысты бұл мәселені күрделі назарға алу қажет, себебі қайта тәрбиеленбеген сотталған азамат бұл жаңадан қылмыс жасайтын тұлға және қоғамға деген қауіптің деңгейі өсуіне септігін тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған – Астана: Елорда, – 56 б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. өзінің «Қазақстан Республикасындағы Қылмыстық-атқару саясатын жетілдірудің 2007 – 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы».
- 3 Хлыстов А.Н. Противодействие проявлениям организованной преступности в местах лишения свободы: Криминологический и уголовно-правовой аспекты: дис. ...к.ю.н. – Рязань, 2005. – 220 с.
- 4 Качурова Е.С. Витимологическая характеристика и предупреждение насильственных преступлений, совершаемых в местах лишения свободы: монография. – Иркутск, 2011. – 156 с.
- 5 Қазақстан Республикасы Қылмыстық – атқару жүйесінің 2014 жылы шілде айынан 2014 жылдың қазан айы аралығында Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облысында орналасқан Түзеу мекемелерінен алынған импирикалық материалдар.
- 6 Ларин С.Б. Особенности первоначального этапа расследования преступлений, совершаемых лидерами и членами организованных преступных групп в местах лишения свободы: дис. ...к.ю.н. – М., 2014. – 196 с.
- 7 Абисатов М.Х. Организованная преступность в Казахстане (современное состояние, тенденций развития, проблемные вопросы, пути их решения): монография – Алматы, 2006 – 348 с.
- 8 Годунов И.В. Организованная преступность от расцвета до заката: учебное пособие для вузов. – М.: Академический Проект, 2008. – 344 с.
- 9 Аброськин С.Н. Уголовно – правовые средства предупреждения и пресечения преступлений, совершаемых осужденными к лишению свободы: дис. ...к.ю.н. – М., 1999. – 170 с.

References

- 1 Kazakstan Respublikasinin Konstitutsiasi. Konstitutsia 1995 zhili 30 tamizda – Astana: Elorda, – 56 b.
- 2 Nazarbayev N.A. ozinin «Kazakstan Respublikasindagi Kilmistik – atkary sayasatyn zhetildirudin 2007 – 2015 zhildarga arналган tuzhirimdamasi »

- 3 Khlystov A.N. Protivodeistvie proyavleniyam organizovannoy prestupnosti v mestakh lisheniya svobody: Kriminologicheskiy i ugolovno – pravovoy aspekti: Dis. ...kand.yurid.nayk. – Ryazan`, 2005. – 220 s.
- 4 Kachyrova E.S. Viktivistologicheskaya kharakteristika i preduprezhdenie nasil'stvennykh prestupleniy, sovershaemykh v mestakh lisheniya svobody: monografiya. – Irkutsk, 2011. – 156 s.
- 5 Kazakhstan Respublikasi Kilmistik – atkaru zhyesinin 2014 zhyly shilde ayinan 2014 zhyldyn kazan aiy aralygynda Ontystik Kazakhstan zhane Kizilorda oblysynda ornalaskan Tyzey mekemelerinen alyngan empirikalik materialdar⁷
- 6 Larin S.B. Osobennosti pervonachal'nogo etapa rasledovaniya prestupleniy⁶ sovershaemykh liderami i chlenami organizivannikh prestupnikh grupp v mestakh lisheniya svobody: dis. ...kand.yurid.nayk. – M., 2014. – 196 s.
- 7 Abisatov M.X. Organizovannaya prestupnost' v Kazakhstane (sovremennoe sostoyanie, tendentsiy razvitiya, problemnye voprosy, puti ikh resheniya): monografiya – Almati⁶ 2006 – 348 s.
- 8 Godunov I.B. Organizovannaya prestupnost' ot rastsveta do zakata: uchebnoe posobie dlya vuzov. – M.: Akademicheskii Proekt, 2008. – 344 s.
- 9 Abros'kin S.N. Ugolovno – provoviye sredstva preduprezhdeniya i presecheniya prestupleniy, sovershaemykh osuzhdenymi k kesheniyu svobody: Dis. ...kand.yurid.nayk. – M., 1999. – 170 s.